

### Авторлар туралы мәліметтер

**Камзина Гүлім Оразбайқызы\*** – ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Глинка 20А, 071401, Қазақстан, e-mail: [erlan\\_gulim@mail.ru](mailto:erlan_gulim@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2751-6632>

**Закиева Арайлы Алекханқызы** – PhD, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Семей қаласы, Глинка көшесі 20а, 071404, Қазақстан, e-mail: [araisyly@mail.ru](mailto:araisyly@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1484-8868>

**Досмағанбетова Ақерке Оралғазықызы** – ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Глинка 20 А, 071404, Қазақстан, e-mail: [aker@inbox.ru](mailto:aker@inbox.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0296-1142>

### Сведения об авторах

**Камзина Гулим Оразбаевна\*** – магистр сельскохозяйственных наук, НАО «Шәкәрім Университеті» г. Семей, Глинки 20А, 071401, Казахстан, e-mail: [erlan\\_gulim@mail.ru](mailto:erlan_gulim@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2751-6632>

**Закиева Арайлы Алекхановна** – PhD, НАО «Шәкәрім Университеті» г. Семей, ул. Глинки 20А, 071404, Казахстан, e-mail: [araisyly@mail.ru](mailto:araisyly@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1484-8868>

**Досмағанбетова Ақерке Оралғазықызы** – магистр сельскохозяйственных наук, НАО «Шәкәрім Университеті» г. Семей, Глинки 20 А, 071404, Казахстан, e-mail: [aker@inbox.ru](mailto:aker@inbox.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0296-1142>

### Information about the authors

**Kamzina Gulim Orazbaevna\*** – master of Agricultural Sciences, NJSC «Shakarim University», Semey, Glinka 20A, 071401, Kazakhstan, e-mail: [erlan\\_gulim@mail.ru](mailto:erlan_gulim@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2751-6632>

**Zakieva Arailly Alenkhanyonova** – PhD, NJSC «Shakarim University», Semey, Glinka str. 20A, 071404, Kazakhstan, e-mail: [araisyly@mail.ru](mailto:araisyly@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1484-8868>

**Dosmaganbetova Akerke Orlgazykyzy** – master of Agricultural Sciences, NJSC «Shakarim University», Semey, Glinka 20 A, 071404, Kazakhstan, e-mail: [aker@inbox.ru](mailto:aker@inbox.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0296-1142>.

**FTAXР:** 68.47

**Д.Н. Сарсекова<sup>1\*</sup>, Б. Өсерхан<sup>2</sup>, М.Б. Мусаева<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup> «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» Алматы қ.,

<sup>2</sup> С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті " КеАҚ, Астана

қ., Қазақстан

[dani999@mail.ru](mailto:dani999@mail.ru)

### ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ МОТР «ЕРТІС ОРМАНЫ» ҚАРАГАЙЛЫ АЛҚА АҒАШТАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНА ОРМАНШЫЛЫҚ БАҒА БЕРУ ЖӘНЕ ЗИЯНКЕСТЕРДІҢ ӘСЕРІ

**Аннотация:** Мақалада «Ертіс орманы» МОТР РММ қарагайлыштың алқа ағаштарының жағдайын орманшылық түргышынан бағалау және зиянкестердің теріс әсерінің пайдасы болуын зерттеу, олардың алдын алу тәсілдерін құру және болашақта сол аудандарда табиғи жаңару мен екпе орманды қалыптастыруды зиянкестер ошағынан таза алқа ағаштың қалыптастасуына жағдай жасаудың шешімін табуға мүмкіндік береді.

Қылқан жапырақты ағаштардың жәндіктер зиянкестерін анықтауға бағытталған орман питомнігіне қосынша энтомологиялық тексеру жүргізілді. Зерттеу барысында өсімдіктерді визуалды тексеру, феромон және желім тұзақтарын орнату, сондай-ақ қабық пен инелердің зақымдануын талдау әдістері қолданылды. Нәтижелер жәндіктердің түрлік құрамын бағалауға, жас көшеттерге қауіп деңгейін анықтауға және ықтимал инфекция ошақтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері орман дақылдарын зиянкестерден қорғаудың алдын алу шараларын өзірлеуде, сондай-ақ қылқан жапырақты ағаштарды өсірудің агротехникалық әдістерін жетілдіруде қолданылуы мүмкін.

Орманға жүргізген энтомологиялық зерттеулер орманның санитарлық жағдайын тексере келіп, бұл зиянкестермен күресу жағдайын да ойластырады немесе олардың алдын алу шараларын жасайды. Яғни, олармен күресудің ең тиімді жолы ормандарды таза ұстау және зиянкестерге шалдықкан ағаштарды дер кезінде жою керек.

**Түйінді сөздер:** Орман қорғау, зиянкестер, орман таксациясы, орман екпелері, орман өрті, құлаған ағаштар, орман питомнігі, энтомологиялық зерттеу, жәндіктер зиянкестері.

## Kіріспе

Ертіс өнірінің ормандары көбінесе қылқан жапырақты ағаштардан құралған, әсіресе мұнда көдімгі қарағайлар басым өседі. Сонымен қатар, қайың, терек, үйенқі қатарлы жапырақты орман ағаштары да кездеседі. Арапас түріндегі орман алқаптары да аз емес.

Орман өрті ағаштарға үлкен әсер етеді, сол себепті бірінші іс-шаралары ол аланды қалпына келтіру керек. Күйген ағаштар ең қауіпті өрт туындауының салдары болып табылады. Бұл аландарда сынған ағаштар, қураған және шайырланған ағаштар өте көп болады. Өртенген орман аландарындағы шаруашылық ағаштар техникалық қасиеттерін жоғалтады, отынға айналады, зиянкестермен зақымдалып, әртүрлі аурулармен залалданған аймағына айналады. Сондықтан орман аландарына санитарлық қорғау шаралары жүргізіліп, ағаштар сауықтырылып, жалпы орман қайта қалпына келтірілу үшін іс-шаралар жүргізілу керек.

Бірінші кезекте қураған, сынған ағаштар, қүйіктірден зардап шеккендерге мін беріледі, ал құлаған ағаштар топырақта, аяа-райының әсері т.б. әрекеттесіп, тез шіриді, мұндаиді жерлерге отырғызу материалдары ұсынылады, өскен жас көшеттер немесе өскіндер бірте-бірте қураған ағаштар орнын алады. Егер ол орманда табиғи жаңауулар өтіп жатса, онда мұнда екпе орман құрылады.

Орман ағаштарын зақымдап зиян келтіретін зиянкестер алуан түрлі. Өрттен кейінгі аландарда, қылқан жапырақты ормандарда ең көп тараған зиянкестерге *Acantholyda posticalis* жатады. Қазіргі таңда олар әсіресе жас екпе қарағайларға, сырғауылдарға едәуір зиян келтіруде. Олар табиғи әсіп жетілген қарағайларда өте сирек кездеседі. Көбінесе олар қолдан отырғызылған қарағайларға жиі қоныстанады. Осы зиянкестердің әсерінен қылқан жапырақты зиянкестері зақымдалған ағаштан, сау қарағайдың қылқанына келіп қоныстанады да зақымдайды. Соның нәтижесінде ағаштың қылқаны жарақаттанады, органикалық заттардың таралуы, тасымалдануы шектеледі. Бұл жағдайда олар бірінші реттік зиянкестер болып табылады.

## Зерттеу әдістері

«Ертіс орманы» МОТР РММ қарағайлары алқабын зерттеумен көптеген ғалымдар айналысты, соның негізгілеріне Грибанов Л.Н., Смирнов В.Е., Макаренко А.А., Муканов Б.М., Бирюкова З.П., Лесков Н.Д., Малинов А.А., және т.б. Жолақты ормандарда болатын орман өрттің өзіндік ерекшеліктері бар. Кепкен құрғақ ормандарға өрт тәменгі және жоғарғы жақтан пайда болады, мұнда тәменнен басталған өрт, жоғарғыда болатын өртпен ұласып кетуі аз емес [1].

Жолақты ормандардағы орман өртіне Н.Н. Егоровпен оның қызметтестері аймақтық тәжірибе станцияларында қызықты зерттеулер жүргізді. Олар өте көлемді өрттің болуы өзіне тән тәулік ішіндегі В.Г. Нестеров баллы 5 кластық жану екенін тапқан [2]. Ғылыми жұмыстарды, арнайы әдебиеттерді, мерзімдік басылымдарды, әдістемелік құралдарды және басқа да жинақ, еңбектерді талдау нәтижесі, орманның өренген жерлеріне аурулар мен зиянкестердің түсін зерттеу бағытында елеулі, әрі маңызды ғылыми жұмыстардың бар екендігін көрсетti.

Зерттеулердің теоретикалық маңыздылығы. Павлодар облысы, Шалдай ауылында жүргізілген зерттеулер нәтижелері, қарағайлар алқа ағаштарының жағдайын орманшылық түрғысынан бағалауды және зиянкестердің теріс әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыс орман шаруашылығында орманды орман зиянкестерінен, өртен ауданының санитарлық жағдайын бағалауда және онда пайда болатын зиянкестерімен күрес жүргізу, орман екпелерінің және дауыл сұлатпалы сүреклідердің санитарлық жағдайларын қадағалау үшін пайдаланылады.

Зерттеулердің іс-тәжірибелік маңызы. Зерттеулердің тәжірибелік маңызы «Ертіс орманы» МОТР РММ-ге өрттен кейін, дауыл сұлатпадан сонымен қатар зиянкестерді анықтау барысында, орман патологиялық жұмыстарды жүргізу барысында қолдануға болады. Сондай-ақ, зерттеулерден алынған ғылыми нәтижелер С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті және Торайғыров университетіне «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» кафедрасының «Орман қорғау» пәні бойынша оқу үрдісіне енгізілді.

### Зерттеу нәтижелері


Қандай да бір орманда шаруашылық жүргізу стратегиясын әзірлеуде, экологиялық саралтамалық бағалауды орындауда, мониторингі жасауда және басқада жағдайларда орманның экожүйесінің негізгі компоненті – сүрекдің тіршілік күй-жайын анықтау қажет етеді. Сүрекдің күй-жайын анықтау бойынша жұмыс екі бөліктен тұрады. Олар: зерттеуге бастауды болып табылатын ағаштардың тіршілік жағдайларының жорығын табу және жалпы сүрекдің жағдайына баға беру.

Тұрақты сынақ алаңдары қолданыстағы әдістемелік әдістерге сәйкес салынды [3]. Зерттелген қарағай ағаштарының орман таксациялық параметрлерін анықтау үшін сынақ участкерінде зерттеу жұмыстары үшін дәстүрлі болып саналатын үздіксіз санау әдісі қолданылды [4]. 1,3 м биіктікегі диаметр өлшегіш айырлармен «Масстер», ал ағаштардың биіктігі «Haglof» биік өлшеуішімен анықталды.

Орманшылық-таксациялық көрсеткіштерін анықтау осы аймақ үшін жасалған нормативті мәліметтерді қолдану арқылы жүзеге асырылды [5, 6].

Зерттеу жұмыстарын салыстыру және сүрекдіңдердің санитарлық жағдайын бағалау мақсатында орман өсу жағдайларының типінен басқа 4 аудан негізге алынды, яғни өртен, сұлатпа (дауыл сұлатпа), орман екпелері және табиги өскен аудан. Әр ауданның таксациялық көрсеткіштері мәліметтер алынып, өлшеніп, журналға тіркелінді.

Резерваттың қарағайлы ормандарының таксациялық орташа көрсеткіштері 1-суретте көлтірілді. Таксациялық мәліметтер ТСА бойынша орташа сүрекдің жасы IV, орман құрамы 10%, орташа бонитет сыныбы IV, орташа тығыздық 1765 дана/га, орташа диаметр 18 см, орташа биіктігі 16 м, орташа толымдылық 0,6.




Сурет 1 – ТСА бойынша қарағайлы сүрекдіңдердің орташа диаметрі мен биіктігінің динамикасы

Жүргізілген зерттеу жұмысының негізгі әдісі сынақ (бақылау) алаңдарында (СА) жүргізілді. Тұрақты сынақ алаңдары (ТСА) және уақытша сынақ алаңдары (УСА) орман орналастыру бойынша ССТ (ОСТ) – 56-69-83. әдістемесіне сәйкес құрылды және мәліметтері өндөлді. Зерттеу жұмысының негізі ретінде жүйелік тұрғыдан, В.Н. Сукачевтың (1972), Н.В. Дымстың (1978), Н.П. Анучиннің (1982), Л.О. Карпачевтің (1981) және басқалардың жұмыстарында көлтірілген әдістер қолданылды.

УСА салу үшін ерте жетілген және орта жастағы сүрекдіңдердің құрамында бірнеше тұқым түрлері бар анағұрлым қарапайым орман сүрекдіңдері таңдал алынды. УСА орналастыру принципі зиянкестердің биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жасалынды.

2016-2020 жылдар аралығында «Ертіс орманы» МОТР РММ аудандарында 15 ТСА салынып атаптап жылдар ішінде әртүрлі мәліметтер алынды. Әр сынақ алаңында 1 га шаққандағы орман санитарлық жағдайлары орманшылық түрлері бойынша және орман өсу жағдайлары бойынша анықталды. Сонымен қоса өртен, сұлатпа, екпе және табиги сүрекдіңдер топтары бойынша да анықталды. Бесқарағай орманшылығында 5 сынақ алаңы салынды оның №5, 6 және 13 алаңдары өртендерде, ал №7 және 8 табиги қарағайлы таза сүрекдіңдерде

құрылды. Баймбет орманшылығы ауданында екі тұрақты сынақ алаңдары табиғи орманда салынды. Тайбағар орманшылығында №1 және 2 ТСА дауыл сұлатпалары болған жерлерде, ал №3 және 4 ТСА орман екпелерінде құрылды. Қектерек орманшылығы ауданында екі ТСА орман екпелерінде, оның ішінде қарағайдың жүлдизшалы тоқығыш-егеуіш жаппай тараған ауданда, ал 11 және 12 ТСА өртөндөрде құрылды. Аталған ТСА әр қайсысына жеке және орманшылық бойынша орташа сүрекліндердің санитарлық жағдайлары есептелініп қарқындылығы талданды (2-суретте).



Сурет 2 – Резерват орманшылықтары мен ТСА бойынша орташа санитарлық санат дәрежелерінің динамикасы (2018)

«Ертіс орманы» МОТР РММ ауданына құрылған 15 ТСА-ға 30 «Netocia» кедергілі тұзағы [7] құрылып, 2018 және 2020 жылдары маусым бойы ұлгілер алынып, нәтижесінде мәліметтер жинақталды. Зерттеу барысында үш негізгі қарағайлар сүреклін аудандары таңдалды: дауыл сұлатпа (W), өртөң (P), және орман екпелері ауданында дамыған жүлдизшалы тоқығыш-егеуіш *Acantholyda posticalis* (O) зиянкесі ошағы тараған аудан. «Netocia» кедергілі тұзағының көмегімен қарағалы сүрекліндердің қабық астында дамитын (камбиофагтар) және сүркте дамитын (ксилофагтар) зиянкес жәндіктері ауланды. Тұзақ құтысына ұлгілерді жинауға дейін және жиналғаннан кейін бүлініп кетпеуін қамтамассыз ету мақсатында этиленгликоль концентраты пайдаланылды. Зиянкестер тұзақтардан маусымына 3 мәрте (маусым, шілде және тамыз айларының ортасында) жиналып, этиль спирті бар арнайы құтыларда маркаланып сақталды. Маусым соңында жиналған ұлгілер Польша жіберіліп, онда түр-құрамы анықталды..

Бұл әдіспен зерттеу екі жыл жүргізілді. Әр екі аптадан кейін тұзақтардан жәндіктерді жинап алып, олардың түр-құрамын анықтау жүргізілді. Анықтау жұмыстары I. Lobl, A. Smetana (eds) Stenstrup, 2003-2011 палеарктикалық қаттықанаттылар каталогы [7-8] арқылы жүргізілді. Жәндіктер «Netocia» кедергілі тұзағында бүлініп немесе иістеніп кетпес үшін біз тұзақ құтысына этиленгликоль құйылды. Осы зерттеу нәтижелерінің статистикалық өндөу жұмыстарына «Statistica 13.3» қолданды.

Жиналған түрлерді қарағайға қатысты сенімділік сыйыптарына бөлдік. Олар келесідей сыйыптар:

$F_0$  – кездейсок түрлер, қарағайда мұлдем кездеспейтін түрлер (статистикалық анализге енгізілмеді).

$F_1$  – кей жағдайда қарағайда, көбінесе басқа түрлерде дамитын дарақтар.

$F_2$  – көбінесе қарағайда, кей жағдайда басқа түрлерде дамитын дарақтар.


$F_3$  – қарағайларда ғана дамитын дарақтар. Анализ жүргізу үшін қарағай зиянкестерінің құрылымы мен қауымдастықтарының әртүрлілігі және дарақ сандары (N) мен түрлер, қарағайға қатысы жоқ  $F_0$  (S), және доминанттылық индексі, Kasprzak және Niedbała [9] бойынша келесідей бөлінеді: супердоминанттар ( $> 30,00\%$ ), доминанттар (5,01-30,00%), субдоминантты (1,01-5,00%) және инциденттер (=1,00%). Сонымен қоса, Маргалефтың түрішілік байлық индексі (d) және

жәндіктердің топтық сенімділігі (QF3) есептелінді [10].


### Ғылыми нәтижелерді талқылау

Шапиро-Уилктің тесті арқылы мәліметтердің дұрыстығын дұрыс бөлінуге тексердік. Мәліметтер, дұрыс бөлінуден ауытқыған, стандарталынды, ал содан кейін сзықты моделді GLM бойынша тестіленді және Tukey HSD арқылы Statistica 13.3-те (TIBCO) аprobациялық тестілеуден өткізілді. Сонымен қоса, тестілеу үшін, сүрекдіңнің санитарлық дәрежесінің төмендеуі мен зиянкестердің түр құрамы, қарағайда қоректену тәсіліне қарай флоемада және сүректе деп алып, DCA анализі қолданылды.

Зерттеу жұмыстарының 2020 жылы жүргізілген мәліметтері бойынша, 2304 тұзақталған жәндіктердің 1156 дарағы қарағайға қатысты (F1-F3) және екі отрядқа: қатттықанатты қоңыздарға және қабыршаққанаттыларға жатады (3 және 4-суреттерде). Қоңыздардың арасынан 777 дарақ 65 түр және 21 түкимдас анықталды. Арапардың 379 дарағы, 2 түрді: *Acantholyda posticalis* Mats. (жұлдызшалы тоқығыш-егеуіш) және *Sirex noctilio* Fabr. (құлғын мүйізқұйрық) анықталды. Қарағайлы алқаларда, дің зиянкестері, қабыршаққанаттылардан басқа, қарағайда кездесетін (F3) 76 дарақ және 11 түр анықталды. Бұл топтағы тек қарағайда кездесетін зиянкестердің 6 түрі: *Hylurgus ligniperda* (Fabr.) (қабықжегі), *Pogonocherus fasciculatus* (Deg.) (сүген), *Chalcophora mariana* (L.) (зеркоңыз), *Acanthocinus aedilis* (L.) (сүген), *Arhopalus rusticus* (L.) (сүген) және *Hylastes ater* (Payk.) (қабықжегі) анықталды.



Сурет 3 – «Ертіс орманы» МОТР РММ 2018 жылы жиналған жәндіктердің трофикалық топтары



а – түрлер саны 2018; ә – дарақтар саны

Сурет 4 – ТСА аудандарынан 2018 жылы жиналған түрлер мен дарақтар санының қоректену ортасы (F1, F2, F3)


Өрттермен зақымданған алқағаштарда 162 дарақ және 14 түр анықталды, ол тек қарағайда кездесетін түрлер (F3). Бұл топтағы қарағайлардың зиянкестеріне 9 түрді: *Hylurgops ligniperda* (Fabr.) (қабықжегі), *Sirex noctilio* Fabr. (құлғын мүйізқұйрық), *Pogonocherus fasciculatus* (Deg.) (сүген), *Chalcophora mariana* (L.) (қарағайдың үлкен зеркоңызы), *Phaenops cyanea* (Fabr.)

(қарағайдың көк зерқонызы), *Acanthocinus aedilis* (L.) (сүген), *Arhopalus rusticus* (L.) (сүген), *Hylastes ater* (Payk.) (қабықжегі) және *Monochamus galloprovincialis* (Oliv.) (сүген).

Қарағайдың дауыл сұлатпалы сүрекдіндерінде 151 дарақ және 14 түр анықталып, олар қарағайда кездесетін түрлерге жатқызылды (F3). Бұл топтағы тек қарағайда кездесетін зиянкестердің 10 түрі: *Tomicus piniperda* (L.) (қабықжегі), *Hylurgus ligniperda* (Fabr.) (қабықжегі), *Pogonocherus fasciculatus* (Deg.) (сүген), *Chalcophora mariana* (L.) (зерқоныз), *Phaenops cyanea* (Fabr.) (қарағайдың көк зерқонызы), *Pissodes piniphilus*. (Herbst) (бізтұмсық), *Acanthocinus aedilis* (L.) (сүген), *Arhopalus rusticus* (L.) (сүген), *Hylastes ater* (Payk.) (қабықжегі) және *Monochamus galloprovincialis* (Oliv.) (сүген).

2018 жылы жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша ең көп түр *Acantholyda posticalis* Mats. (жұлдызшалы тоқығыш-егеуіш 378 дарағы, барлық жәндіктердің 24,9%), бұл түр тек зерттеу ауданының екі ТСА кездесті, яғни орман екпелері ауданына құрылған 9 және 10-ТСА. Басқа доминанттарға: *Platysoma elongatum* (Thunb.) (гистерид қоныздар) (7,7%), *Rhagium inquisitor* (L.) (бұдірлі рагии) (6,8%), *Spondylis buprestoides* (L.) (сүген) (5,8) және *Hylastes opacus* Er. (қабықжегі) (5,5%). Қалған түрлер – субдоминантты инциденттер.

2018 жылы жүргізілген зерттеу бойынша, F1-F3 сенімділік класстарындағы зиянкес түрлерінің санына зақымдану түрінің (өртен, дауыл сұлатпа, жұлдызшалы тоқымалы – егеуіш ошагы шоғырланған аудан) әсері статистикалық түрде айырмашылық болғанын Краскал-Уоллис Тесті арқылы құрылған 5-суреттеннөң көріумізге болады.



Сурет 5 – F1-F3 сенімділік класы үшін жәндіктер түрлерінің саны

Šrednia – орташа, Šrednia±Błąd std – Орташа±Орташа қателік, Šrednia±Odch. std - Орташа±Стандартты ауытқу; Disturbance – Зақымдану түрі: wind-дауыл fire-өрт *Acantholyda posticalis*-Жұлдызшалы тоқығыш-егеуіш; Number of species-түр саны.

### Қорытынды

Зерттеу ауданындағы кәдімгі қарағай сүрекдіндеріне және жалпы орман қорына сипаттама беретін болсақ. Облыс бойынша жалпы орман қорының жері - 478,7 мың га, оның ішінде 270,6 мың га орманмен қамтылған. Резерваттың жалпы ауданы 277,961 мың га, соның ішінде орманмен қамтылған аудан 158,484 мың га. Тікелей зерттеу нысаны болған кәдімгі қарағайлар (*Pinus sylvestris*) 150,286 мың га, яғни резерваттың орманмен қамтылған ауданының 94,8% құрайды. ТСА бойынша орташа таксациялық көрсеткіштер: сүрекдінің орташа жасы IV, орман құрамы 10%, орташа бонитет сыныбы IV, орташа тығыздық 1765 дана/га, орташа диаметр 18 см, орташа биіктігі 16 м, орташа толымдылық 0,6.

Резерват бойынша ТСА тұзаққа түскен тек қана қарағайда өсіп дамитын F3 түрлер 26% және дарақтар 36% құрады. Бұл зерттеулер үш сүрекді аудандарына негізделеді: өртен, дауыл

сұлатпа және жұлдызшалы тоқымалы -егеүіш ошағы дамыған аудан. Өртең және дауыл сұлатпа аудандарында дің зиянкестерінің түрлілік құрамы басқа зерттеу аудандарына қарағанда көп шоғырланған. *Hylurgops ligniperda* (Fabr.) (қабықжегі), *Sirex noctilio* Fabr. (күлгін мүйізқұйрық), *Pogonocherus fasciculatus* (Deg.) (сүген), *Chalcophora mariana* (L.) (зерқонызы), *Phaenops cyanea* (Fabr.) (қарағайдың көп зерқонызы), *Acanthocinus aedilis* (L.) (сүген), *Arhopalus rusticus* (L.) (сүген), *Hylastes ater* (Payk.) (қабықжегі) және *Monochamus galloprovincialis* (Oliv.) (сүген) және т.б. анықталды. Бұл зиянкестердің тізімі мен коллекциясы жасалынды.

Орман қорғаудың орманшылық шараларына: орман шаруашылық алдын - алу шаралары ағаштардың әлсіреудің және оларған зиянкестердің орналасуының алдын алуға негізделеді; зиянкестердің жаппай көбею ошақтарын және зандалықтарын қарастыру; ТСА санитарлық жағдайын тұрақты бақылау; орманнның санитарлық жағдайы төмендеген аудандарда санитарлық кесулер жүргізу; бірінші реттік қылқан кеміргіш зиянкестер ошағы анықталған аудандарды оқшаулап, күрес түрлерін ұйымдастыру; зиянкестермен биологиялық күрес. Бірінші реттік орман зиянкестермен күресу жолдары, оларды қадағалау мен санитарлық ережелерді орындау және химиялық жолмен күресі болып табылады. Орманды қорғаудың санитарлық ережелерін бұлжытпай орындау орман алқабында қандай да болмасын жұмыстар жүргізетін барлық ұжымдар мен мекемелердің, жеке адамдардың міндепті.

### Әдебиеттер тізімі

1. Архипов В.А., Архипов Е.В. Ертіс өнірінің қарағайлар шубартпалы ормандарында орман өрттерін зерттеу // Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту: жобасының аннотациялық есептер (еңбектер) жинағы 2007-2014 жж. – М.: ҚазОШФЗИ ЖШС, 2014. – Б. 79-84.
2. Нестеров В.Г. Общие лесоводство. – М.: Гослесбумиздат, 1954. – 655 б.
3. Анучин Н.П. Лесная таксация. – М.: Лесная промышленность, 1977. – 512 б.
4. Анучин Н.П. Таксация и устройство разновозрастных лесов. – М.: Лесная промышленность, 1960. – 64 б.
5. Макаренко А.А. Справочник по таксации лесов Казахстана / под ред. А.А. Макаренко. – Алма-Ата: Кайнар, 1980. – 313 б.
6. Макаренко А.А. Нормативы для таксации лесов Казахстана / под ред. А.А. Макаренко. – Алма-Ата: Кайнар, 1987. – Кн. 2, ч. 1. – 320 б.
7. Okland B. A comparison of three methods of trapping saproxylic beetles // European Journal of Entomology. – 19963. – Vol. 93. – P. 195-209.
8. Löbl I., Smetana A. Catalogue of Palearctic Coleoptera: 8 v. – Stenstrup: Apollo Books, 2006. – Vol. 3. – 690 p.
9. Szucecki A. Ekologia owadów leśnych. – Warszawa: PWN, 1983. – 603 p.
10. Leps J., Smilauer P. Multivariate Analysis of Ecological Data Using CANOCO // <http://dx.doi.org/10.1017/CBO9780511615146.05.06.2020>

### References

- 1 Arkhipov V. A., Arkhipov E. V. study of forest fires in the pine shubartpaly forests of the Irtysh Region // Conservation of forests and reproduction of forest lands of the Republic: collection of annotation reports (works) of the project 2007-2014. – M.: KAZNII LLP, 2014. - P. 79-84.
- 2 Nesterov V. G. public lesovodstvo. - M.: Goslesbumizdat, 1954 -- 655 P.
- 3 Anuchin N. P. Lesnaya taxa. - M.: Lesnaya promyshlennost, 1977 -- 512 P.
- 4 Anuchin N. P. Taxation and maintenance of new forests. - M.: Lesnaya promyshlennost, 1960 -- 64 P.
- 5 Makarenko A. A. Spravochnik on tax services of Kazakhstan / Ed. A. A. Makarenko. - Alma-Ata: Kainar, 1980. - 313 P.
- 6 Makarenko A. A. standards for tax services of Kazakhstan / Ed. A. A. Makarenko. - Alma-Ata: Kainar, 1987 – KN. 2, Ch. 1. – 320 P.
- 7 Okland B. A comparison of three methods of trapping saproxylic beetles // European Journal of Entomology. – 19963. – Vol. 93. – P. 195-209.
- 8 Löbl I., Smetana A. Catalogue of Palearctic Coleoptera: 8 v. – Stenstrup: Apollo Books, 2006. – Vol. 3. - 690 R.

9. 9 Szujecki A. Ekologia owadów leśnych. - Warszawa: PWN, 1983. - 603 R.
10. 10 Leps J., Smilauer P. Multivariate Analysis of Ecological Data Using CANOCO // <http://dx.doi.org/10.1017/CBO9780511615146.05.06.2020>

**Д.Н. Сарсекова<sup>1\*</sup>, Б.Усерхан<sup>2</sup>, М.Б. Мусаева<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup> «Казахский национальный аграрный исследовательский университет» г. Алматы, Казахстан,

<sup>2</sup> НАО «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина» г.Астана, Казахстан  
[dani999@mail.ru](mailto:dani999@mail.ru).

## **ЛЕСОВОДСТВЕННАЯ ОЦЕНКА СОСТОЯНИЯ СОСНОВЫХ НАСАЖДЕНИЙ МОТР «ЕРТИС ОРМАНЫ» ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ И ВЛИЯНИЕ ВРЕДИТЕЛЕЙ**

**Аннотация:** В статье предлагается оценить состояние сосновых насаждений РГУ МОТР «орманыіс орманы» с точки зрения лесничества и изучить возникновение негативного воздействия вредителей, создать способы их предотвращения и в будущем найти решение для создания условий для естественного возобновления и формирования насаждений в этих районах для формирования чистых от очагов вредителей насаждений.

Проведено дополнительное энтомологическое обследование лесного питомника, направленное на выявление насекомых-вредителей хвойных деревьев. В исследовании использовались методы визуального осмотра растений, установки феромонных и клеевых ловушек, а также анализа повреждений коры и хвои. Результаты позволили оценить видовой состав насекомых, определить уровень риска для молодых саженцев и выявить возможные очаги заражения.

Результаты исследования могут быть использованы при разработке профилактических мер защиты лесных культур от вредителей, а также при совершенствовании агротехнических методов выращивания хвойных деревьев.

Энтомологические исследования, проведенные в лесу, позволяют проверить санитарное состояние леса, а также продумать условия борьбы с этими вредителями или разработать меры по их предотвращению. То есть самый эффективный способ борьбы с ними-содержать леса в чистоте и своевременно удалять зараженные вредителями деревья.

**Ключевые слова:** Лесозащита, вредители, Лесная таксация, лесные насаждения, лесной пожар, поваленные деревья, лесной питомник, энтомологическое исследование, насекомые-вредители.

**D.N. Sarsekova<sup>1</sup>, B. Userkhan<sup>2</sup>, M.B. Musayeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Non-commercial joint-stock company "Kazakh National Agrarian Research University", Almaty city, Kazakhstan

<sup>2</sup> Non-commercial joint-stock company " Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullin", Astana city , Kazakhstan  
[dani999@mail.ru](mailto:dani999@mail.ru)

## **FORESTRY ASSESSMENT OF THE CONDITION OF PINE STANDS IN THE MOTR «ERTIS ORMANI» OF PAVLODAR REGION AND THE IMPACT OF PESTS**

**Annotation:** The article proposes to assess the state of the pine plantations of the Russian State University of Agriculture "Ormanis Ormany " from the point of view of forestry and to study the occurrence of the negative effects of pests, create ways to prevent them and in the future find a solution to create conditions for the natural renewal and formation of plantations in these areas for the formation of pest-free plantations.

An additional entomological examination of the forest nursery was conducted, aimed at identifying insect pests of coniferous trees. The study used methods of visual inspection of plants, the

installation of pheromone and glue traps, as well as the analysis of damage to bark and needles. The results made it possible to assess the species composition of insects, determine the risk level for young seedlings and identify possible foci of infection.

The results of the study can be used in the development of preventive measures to protect forest crops from pests, as well as in improving agrotechnical methods of growing coniferous trees.

Entomological studies conducted in the forest make it possible to check the sanitary condition of the forest, as well as to consider the conditions for combating these pests or to develop measures to prevent them. That is, the most effective way to deal with them is to keep forests clean and remove pest-infested trees in a timely manner.

**Keywords:** Forest protection, pests, Forest taxation, forest plantations, forest fire, fallen trees, forest nursery, entomological research, insect pests.

#### Сведения об авторах

**Сарсекова Дани Нургисаевна** – профессор, «Казахский национальный аграрный исследовательский университет» г.Алматы, e-mail: [dani999@mail.ru](mailto:dani999@mail.ru). ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0537-4936>

**Өсерхан Бекболат** – магистр сельскохозяйственных наук, НАО «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина» г.Астана, e-mail: [bodu\\_89@mail.ru](mailto:bodu_89@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4616-3721>

**Мусаева Биназир Мухтархановна** – PhD, НАО «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина» г.Астана, e-mail: [bina.11.89@mail.ru](mailto:bina.11.89@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4196-8635>

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Сарсекова Дани Нургисаевна** – профессор, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» Алматы қ., e-mail: [dani999@mail.ru](mailto:dani999@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0537-4936>

**Өсерхан Бекболат** – ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ., ORCID: e-mail: [bodu\\_89@mail.ru](mailto:bodu_89@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4616-3721>

**Мусаева Биназир Мухтархановна** – PhD, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана қ., e-mail: [bina.11.89@mail.ru](mailto:bina.11.89@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4196-8635>

#### Information about the authors

**Sarsekova Danya Nurgisaevna** – professor, «Kazakh National Agrarian Research University» Almaty city, e-mail: [dani999@mail.ru](mailto:dani999@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0537-4936>

**Oserkhan Bekbolat** master of Agricultural Sciences, NJSC «Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin» Astana city, e-mail: [bodu\\_89@mail.ru](mailto:bodu_89@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4616-3721>

**Mussayeva Binazir Muhtarhanova** – PhD, NJSC «Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin» Astana city , e-mail: [bina.11.89@mail.ru](mailto:bina.11.89@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4196-8635>